

NIS Conference мобильді қосымшасын
пайдалану бойынша

НҰСҚАУЛЫҚ

Мазмұны


1. NIS Conference мобильді қосымшасын қалай орнатуға болады.....	2
2. NIS Conference мобильді қосымшасында қалай тіркелуге болады	3
3. Кестені қалай көруге болады.....	6
4. Трансляцияны қалай көруге болады.....	8
5. Спикерге қалай сұрақ қоюға болады	9

1. NIS Conference мобильді қосымшасын қалай орнатуға болады

XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мобильді қосымшасы Android / iOS операциялық жүйесі бар мобильді құрылғыларға жүктеу үшін қолжетімді. Жүктеу үшін Play Market / App Store (ОЖ-ге байланысты) қосымшасына кіру керек. Әрі қарай, іздеу жолағына NIS Conf қосымшасының атауын енгізу қажет. Көрсетілген қосымшалар тізімінде XII NIS Conference-ті таңдау керек.



Қосымшаның Android-қа арналған дүкенде көрсетілуі




Қосымшаның iOS-қа арналған дүкенде көрсетілуі


Қосымша тегін және еркін қол жетімді. Әрі қарай, құрылғының экранындағы нұсқаулықтарға сәйкес қосымшаны жүктеп, орнату керек.

2. NIS Conference мобильді қосымшасында қалай тіркелуге болады


Мобильді қосымшаны орнатқаннан кейін жұмысты бастау үшін жүйе тіл таңдауды ұсынады. Қосымшада әрі қарай жұмыс істеу үшін ұсынылған тізімнен қажетті тілді таңдау керек. Тілді кейінірек параметрлерде өзгертуге болады.




Қосымшада жұмысты жалғастыру үшін гиперсілтеме бойынша өтіп, Пайдалану шарттары және Құпиялылық саясатымен танысу қажет. Жалғастыру үшін «Мен Пайдалану шарттары және Құпиялылық саясатын қабылдаймын» жолағы жанына белгі қою керек.




Іс-шараға тіркелу және қатысу үшін ID (бірегей сәйкестендіргіш) алу қажет. Жаңа пайдаланушыларға «Менде ID жоқ» тармағын таңдау керек.



Әрі қарай, аты-жөніңіз, тегіңізді көрсетіп, Жалғастыру түймесін басыңыз.



Келесі тіркеу парағында қолданыстағы электронды поштаңызды көрсетіп, ID алу батырмасын басу қажет.



← Тіркеу

Тіркелу үшін біз ID-дікөрсетілген
e-mail адресіне жібереміз

Email


ID АЛУ

Бұдан әрі тіркеу формасында көрсетілген поштаға жеке ID көрсетілген (6-таңбалы нөмір) хабарлама келеді. Почтаны тексеріңіз. Алынған ID нөмірін қосымша парақшасына енгізу қажет.


ID нөмірін енгізгеннен кейін «Құттықтаймыз! Сіз тіркеуден сәтті өттіңіз!!!» мәтіні шығып, кейін бағдарлама мәзірі ашылады.

3. Кестені қалай көруге болады

Конференция кестесін көру үшін қосымша мәзірінен тиісті бөлімді таңдау керек.



Бұдан әрі барлық пленарлық отырыстар мен секциялар, сондай-ақ олардың өтетін уақыты көрсетілген кесте парақшасы көрсетіледі. Интерфейсте 11 қараша/12 қараша күндерін таңдау мүмкіндігі бар. Қажетті бөлімді ашып, ақпаратпен егжей-тегжейлі таныса аласыз.



Ыңғайлы болу үшін қызығушылықтар бойынша сүзгі батырмасын пайдалана




аласыз - .


Сондай – ақ, егер сіз тақырыптың оң жағындағы жұлдыз белгішесін іске қосу арқылы Таңдаулылар бөлімін қоссаңыз, оған Таңдаулылар бөліміне өту арқылы жылдам қол жеткізуге болады.

4. Трансляцияны қалай көруге болады

Конференция баяндамалырын көру үшін мәзірден Трансляция тармағын таңдау керек.




Бұл бөлімде кестеге сәйкес нақты уақыт режимінде баяндамалардың трансляциясы жүргізіледі. Трансляция тілін - қазақ / орыс / ағылшын таңдап, трансляцияны іске қосу қажет.



Трансляцияда бола тұра, қосымша мәзірінде еркін жылжуға, оралуға болады, баяндама суреті негізгі мәзірдің үстінен көрсетіле береді.

5. Спикерге қалай сұрақ қоюға болады

Конференция спикеріне сұрақ қою үшін кестеге кіріп, қажетті секцияны таңдау қажет. Мұны трансляция кезінде де жасауға болады - баяндама суреті мәзірдің жоғарғы жағында көрсетіледі. Әрі қарай, Талқылау бөліміне өтіңіз.



Қажетті секцияны таңдау

Талқылау бөліміне өту

Талқылау бөліміндегі мәтін жолағына хабарлама мәтінін енгізіп, оны жіберу керек. Спикер сіздің сұрағыңызды көреді немесе секция модераторы оны спикерге жеткізеді.

